

Жеке тұлғаның дербес деректерін және өзге де мәліметтерін жинауға және өңдеуге келісім (оған қол қойылған күннен бастап жазбаша нысанда кері қайтарып алынған күнге дейін)/

Согласие на сбор и обработку персональных данных физического лица и иных сведений (с даты его подписания и до дня отзыва в письменной форме)

Осы Жеке тұлғаның дербес деректерін және өзге де мәліметтерін жинауға және өңдеуге келісіммен (бұдан әрі – Келісім) Клиент (оның ішінде, қолданылатын жағдайда, Клиент заңды өкіл ретінде өкілдік ететін кәмелетке толмаған балаларға қатысты) және/немесе Клиенттің өкілі (бұдан әрі бірлесіп – Клиент) мыналарға келісім береді:

I. БСН 041240002875 «Alatau City Invest» АҚ-ға (бұдан әрі – Брокер) және Alatau City тобының компанияларына* Клиенттің дербес деректерін, сондай-ақ төменде көрсетілген Клиентке қатысты мәліметтерді/деректерді/ақпаратты және құжаттарды (бұдан әрі бірлесіп – Мәліметтер) Клиентті хабардар етпей жинауға және өңдеуге келісім:

1) Брокердің және/немесе Alatau City тобы компанияларының қызмет көрсету шарттарын жасасу және орындау, Брокердің және/немесе Alatau City тобы компанияларының мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында: Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні және ЖСН; Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттардың электрондық/сканерленген көшірмелері (және/немесе осындай құжаттардың деректемелері); Клиенттің резиденттігі туралы ақпарат; Клиенттің тұрғылықты жері (тұрақты және уақытша тіркелуі, нақты тұратын мекенжайы) туралы деректер; іскерлік қатынастар орнату мақсаты туралы, сондай-ақ Келісімде және/немесе тиісті шарттарда көрсетілген өзге де деректер;

2) Клиентті сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау, оның ішінде Брокердің және/немесе Alatau City тобы компанияларының қашықтан қол жеткізу жүйелерінде және/немесе өзге электрондық ресурстарында, онлайн-платформаларды, мобильді қосымшаларды және басқаларды (бұдан әрі – Жүйелер) қоса алғанда, сондай-ақ қызметтер көрсетудің/сервистер ұсынудың үздіксіздігін қамтамасыз ету (әртүрлі сервистер/ресурстар/Жүйелер арасында ауысқан кезде пайдаланушы сессиясын жалғастыруды қоса алғанда), сондай-ақ ақпарат алмасу және байланысты қолдау мақсатында: биометриялық деректер (дактилоскопиялық деректерді қоса алғанда); фото- және бейнебейнелер; дауыстың цифрлық іздері және сөйлесулер жазбалары; Клиенттің логині/идентификаторы/коды; тіркеу куәлігінің деректері; Жүйелерге қол жеткізу жүзеге асырылатын Клиент құрылғылары туралы деректер (компьютерлердің, планшеттердің, смартфондардың және өзге құрылғылардың атаулары/идентификаторлары, IP-мекенжайлары және т.б.), ұялы телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, сондай-ақ Келісімнің өзге тармақтарында көрсетілгендерді қоса алғанда, клиенттік профильдің (сауалнамалық деректердің) өзге де деректері;

3) Клиенттің төлем қабілеттілігі мен сенімділігін бағалау мақсатында: кіріс көздері туралы мәліметтер, Клиентке тиесілі бағалы қағаздарды және/немесе өзге қаржы құралдарын есепке алу үшін ашылған жеке шоттар туралы мәліметтер; білімі және еңбек қызметі туралы деректер; отбасылық жағдайы, оның ішінде кәмелетке толмаған балаларының және/немесе өзге асырауындағы адамдардың болуы туралы деректер; әртүрлі мемлекеттік дерекқорларда (бұдан әрі – МДҚ) және/немесе ашық және өзге көздерден ақпарат жинайтын және өңдейтін заңды тұлғалардың мемлекеттік емес дерекқорларында сақталатын Клиент туралы кез келген мәліметтер, оның ішінде Клиенттің дербес және өзге деректерді жинауға және өңдеуге үшінші тұлғаларға бұрын берген келісімдері негізінде, сондай-ақ Келісімде көрсетілген өзге де деректер;

Клиент осы Келісім шеңберінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының (және/немесе олардың лауазымды тұлғаларының) заңды талаптарын орындау үшін Брокер мен Alatau City тобының компаниялары Мәліметтерді өңдеу кезінде кез келген қолжетімді технологияларды пайдалануға, Клиенттің дербес деректерін қоса алғанда, Мәліметтерді трансшекаралық беруді (шет мемлекеттердің аумағына беруді), сондай-ақ үшінші тұлғалармен Мәліметтер алмасуды

(Мәліметтерді беруге және алуға, оның ішінде Келісім талаптарымен кейіннен өңдей отырып жаңа ақпарат алуға), соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Alatau City тобының компанияларымен; егер соңғылары Клиентке қызметтер көрсетсе (жұмыстар орындаса/тауарлар сатса) және/немесе Клиент оларды алуға мүдделілік білдірсе, серіктестермен; Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Брокерге/Alatau City тобы компанияларына қызмет көрсететін аудиторлық ұйымдармен; консалтингтік компаниялармен жүзеге асыруға құқылы екендігімен келіседі және оны растайды.

Брокер және Alatau City тобының компаниялары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мәліметтерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде таратпайды.

Келісім Брокермен және/немесе Alatau City тобының компанияларымен кез келген қатынастар, оның ішінде шарттық қатынастар қолданылатын және/немесе орындалмаған міндеттемелер болған мерзім ішінде, сондай-ақ Брокер және/немесе Alatau City тобының компаниялары Қазақстан Республикасы заңнамасының, Брокердің және/немесе Alatau City тобы компанияларының ішкі құжаттарының талаптарына және/немесе Брокердің және/немесе Alatau City тобы компанияларының шарттық міндеттемелеріне сәйкес Мәліметтерді өңдеуге (сақтауды және ұсынуды қоса алғанда) міндетті мерзім ішінде қолданылады және Клиент оны кері қайтара алмайды.

II. Клиент Брокерге Брокерлік қызметтер және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шартты және (немесе) Электрондық қызметтер көрсету туралы шартты (бұдан әрі бірлесіп – «Шарттар») орындауға қатысатын Үшінші тарап ұйымдарын немесе бағалы қағаздар нарығының өзге қатысушыларын қоса алғанда, кез келген үшінші тұлғаларға трансшекаралық беру немесе беру түрінде дербес деректерді, сондай-ақ Клиентке қатысты және Шарттар шеңберінде Клиент ұсынған, Клиенттің Брокерге тапсырмаларын қамтитын ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Клиент туралы ақпаратты, Брокер мен ОД есепке алу жүйесінде Клиенттің жеке шотының болуы туралы, Брокер мен ОД есепке алу жүйесінде Клиент активтерінің болуы, қалдықтары, қозғалысы туралы мәліметтерді Клиентті хабардар етпей мына мақсаттар үшін жинауға, өңдеуге және пайдалануға келісім береді: 1) Шарттарды орындау және іске асыру, 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының, ОД, KASE/AIX/AIX CSD ішкі қағидаларының, өзге Үшінші тарап ұйымдарының талаптарын орындау, 3) Брокердің брокерлік қызметтер және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарт бойынша Клиенттің берешегін өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуі, 4) сотқа дейінгі рәсімдер, сот процестері, атқарушылық іс жүргізу шеңберіндегі кез келген даулар бойынша. Осы Келісім Клиент (дербес немесе өкілі арқылы) қол қойған Брокерлік қызметтер және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Күмәндар мен келіспеушіліктерді болдырмау үшін – Брокерлік қызметтер және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарт және осы Келісім бірыңғай құжатты құрайды.

* Alatau City тобына «Alatau City Bank» АҚ тобына кіретін және «Alatau City Bank» АҚ корпоративтік сайтында (www.alataucitybank.kz) көрсетілген компаниялар кіреді.

Настоящим Соглашением на сбор и обработку персональных данных физического лица и иных сведений (далее – Соглашение) Клиент (в том числе, если применимо, в отношении несовершеннолетних детей, представляемых Клиентом на правах законного представителя) и/или представитель Клиента (далее совместно – Клиент), предоставляет(-ют):

I. АО "Alatau City Invest", БИН 041240002875 (далее – Брокер) и компаниям Группы Alatau City * согласие на сбор и обработку персональных данных Клиента, а также нижеуказанных сведений/данных/информации и документов, относящихся к Клиенту (далее совместно – Сведения) без извещения Клиента:

1) для целей заключения и исполнения договоров оказания услуг Брокером и/или компаниями Группы Alatau City, защиты интересов Брокера и/или компаний Группы Alatau City, а также исполнения требований законодательства Республики Казахстан: фамилия, имя, отчество (при наличии), дата рождения и ИИН Клиента; электронные/сканированные копии документов, удостоверяющих личность Клиента (и/или реквизиты таких документов); информация о резидентстве Клиента; данные о месте жительства (постоянной и временной регистрации, фактическом адресе проживания) Клиента; о цели установления деловых отношений, а также иных данных, указанных в Соглашении и/или соответствующих договорах;

2) для целей идентификации/аутентификации/авторизации Клиента, в том числе в системах удаленного доступа и/или иных электронных ресурсах Брокера и/или компаний Группы Alatau City, включая онлайн-платформы, мобильные приложения и другие (далее – Системы), и обеспечения непрерывности оказания услуг/предоставления сервисов (включая продолжение пользовательской сессии при переходе между различными сервисами/ресурсами/Системами), а также обмена информацией и поддержания связи: биометрические данные (включая дактилоскопические данные); фото- и видеоизображение; цифровые слепки голоса и записи разговоров; логин/идентификатор/код Клиента; данные регистрационного свидетельства; данные об устройствах Клиента, посредством которых осуществляется доступ к Системам (имена/ идентификаторы компьютеров, планшетов, смартфонов и прочих устройств, IP-адреса и прочее), номера мобильных телефонов, адреса электронной почты, а также прочих данных клиентского профиля (анкетных данных), включая указанные в иных пунктах Согласия;

3) для целей оценки платежеспособности и благонадежности Клиента: сведения об источнике доходов, сведения о лицевых счетах, открытых для учета ценных бумаг и/или иных финансовых инструментов, принадлежащих Клиенту; данные об образовании и трудовой деятельности; данные о семейном положении, включая наличие несовершеннолетних детей и/или иных иждивенцев; любых сведений о Клиенте, хранящихся в различных государственных базах данных (далее – ГБД) и/или негосударственных базах данных юридических лиц, осуществляющих сбор и обработку информации из открытых и иных источников, в том числе на основании ранее предоставленных третьим лицам согласий Клиента на сбор и обработку персональных и иных данных, а также прочих данных, указанных в Согласии;

Клиент согласен и подтверждает, что в рамках настоящего Согласия для достижения вышеуказанных целей, а также исполнения требований законодательства Республики Казахстан и/или правомерных требований государственных органов Республики Казахстан (и/или их должностных лиц) Брокер и компании Группы Alatau City вправе при обработке Сведений использовать любые доступные технологии, осуществлять трансграничную передачу (передачу на территорию иностранных государств) Сведений, включая персональные данные Клиента, а также обмен Сведениями (передавать и получать Сведения, в том числе новую информацию с дальнейшей обработкой на условиях Согласия) с третьими лицами, включая, но ограничиваясь: компаниями Группы Alatau City; партнерами, если последние оказывают услуги (выполняют работы/продают товары) Клиенту и/или Клиент выразил заинтересованность в их получении, аудиторскими организациями, оказывающими услуги Брокеру/компаниям Группы Alatau City, в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, консалтинговыми компаниями.

Брокер и компании Группы Alatau City не распространяют Сведения в общедоступных источниках информации, за исключениями предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

Согласие действует и не может быть отозвано Клиентом в течение срока действия любых отношений с Брокером и/или компаниями Группы Alatau City, в том числе договорных, и/или при наличии неисполненных обязательств, а также срока, в течение которого Брокер и/или компании Группы Alatau City обязаны обрабатывать Сведения (включая хранение и предоставление) согласно требованиям законодательства Республики Казахстан, внутренних документов Брокера и/или компаний Группы Alatau City и/или договорным обязательствам Брокера и/или компаний Группы Alatau City.

II. Клиент предоставляет Брокеру согласие на сбор и обработку, в том числе, в виде трансграничной передачи или передачи любым третьим лицам, включая Сторонние организации или иных участников рынка ценных бумаг, участвующих в исполнении договора оказания брокерских услуг и услуг номинального держания и (или) договора оказания электронных услуг (далее совместно «Договоры»), и использование персональных данных, а также информации и документов, относящихся к Клиенту и содержащих поручения Клиента Брокеру, предоставленных Клиентом в рамках Договоров, в том числе информацию о Клиенте, о наличии лицевого счета Клиента в системе учета Брокера и ЦД, сведений о наличии, остатках, движении активов Клиента в системе учета Брокера и ЦД, без извещения Клиента, для следующих целей: 1) исполнение и реализация Договоров, 2) исполнение требований законодательства Республики Казахстан, внутренних правил ЦД, KASE/AIX/AIX

CSD, иных Сторонних организаций, 3) проведения Брокером мероприятий по взысканию задолженности Клиента по договору оказания брокерских услуг и услуг номинального держания, 4) по любым спорам в рамках досудебных процедур, судебных процессов, исполнительного производства.

Настоящее Соглашение является неотъемлемой частью договора оказания брокерских услуг и услуг номинального держания, подписанного Клиентом (самостоятельно либо через представителя). Во избежание сомнений и разногласий – договор оказания брокерских услуг и услуг номинального держания и услуг номинального держания и настоящее Соглашение составляют единый документ.

* Группу Alatau City составляют компании, входящие в группу АО "Alatau City Bank", и указанные на корпоративном сайте АО "Alatau City Bank" (www.alataucitybank.kz).

Клиент:

ЖСН (бар болса)/ИИН (при наличии): _____

(Т.А.Ә. толық жазылып, қолы; немесе / *ФИО прописью, подпись*; или

Осы электрондық құжаттың түпнұсқалығы мен дұрыс жасалғаны клиентті биометриялық немесе динамикалық сәйкестендіру құралдарын пайдалану арқылы (бір реттік/көп реттік кодты пайдалану жолымен:) расталды. / Подлинность и правильность составления настоящего электронного документа подтверждены с использованием средств биометрической или динамической идентификации клиента (путем использования одноразового/многократного кода:).